## 2010 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 200 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Курчатов қаласындағы Әділет басқармасында 2010 жылғы 13 қаңтарда N 5-3-86 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2011 жылғы 19 мамырдағы N 682 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2011.05.19 N 682 қаулысымен.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 20–бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31–бабының 1–тармағының 13)–тармақшасына, «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынын зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қақастан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсанындағы № 1788-XII Заңының 2-бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындықтар көретін халықтың түрлі топтарына мемлекеттік кепілдіктер көрсету және қолдау көрсету жүйесін кеңейту мақсатында Курчатов қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын қаланың кәсіпорындарының, ұйымдарының және мекемелерінің тізімі бекітілсін (1-қосымша).

2. Нысаналы топтар белгіленсін (2-қосымша).

3. Қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарының басшыларына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жұмысшылардың жеке санаттарына (мүгедектерге, кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге, көп балалы аналарға) еңбек еткен уақытына тепе-тең төлеммен жарты күн (апта) жұмыс істеу мүмкіндігін беру, сондай-ақ жұмыс уақытын ұйымдастырудың ыңғайлы нысаналарын қолдану ұсынылсын.

4. «Курчатов қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі қаланың кәсіпорындарында, ұйымдарында және мекемелерінде ақылы қоғамдық жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз етсін, ақылы қоғамдық жұмыстарға қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жұмыссыздар есебінде тіркелген азаматтарды жолдасын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Е. Старенковаға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Курчатов қаласының әкімі А. ГЕНРИХ*

Курчатов қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № 200 қаулысына 1 қосымша

## 2010 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын қала кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қаржыландыру көздері және нақты жағдайлар тізімі

| № | Жұмыс берушінің атауы | Қоғамдық жұмыстардың түрлері | Атқарылған жұмыстардың көлемі | Сұраныс ( мәлімделген қажеттілік) | Ұсыныс ( бекітілген ) | Қаржыландыр көздері | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | |
| 1. | «Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Мұрағаттық және ағымдағы құжаттармен жұмыста көмек, тіркеу, көбейту техникаларымен жұмыс, корреспонденцияларды шығару және жеткізу | 10-20 құжаттар күн сайын | 2 | 2 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| | «Курчатов қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ведомстволарына қарасты мемлекеттік мекемелер: « № 3 орта мектеп» мемлекеттік мекемесі, « Мектеп - гимназия» мемлекеттік мекемесі, « Курчатов қаласы | Жөндеу жұмыстары және аумақты тазарту, көгаландыру, мұрағаттық және ағымдағы құжаттармен жұмыста көмек, тіркеу, көбейту | 10-20 құжаттар | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. | әкімдігінің «Балалар музыка мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, «Балалар мен жасөспірімдердің «Көкжиек» клубы мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны, «Курчатов қаласы әкімдігінің «Журавушка» бала-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | техникаларымен жұмыс, корреспонденцияларды шығару және жеткізу, балаларға психологиялық көмек көрсету, мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуде көмек көрсету, балалардың бос уақыттарын ұйымдастыру | күн сайын күніне 5-8 кеңес<br>100 $м^2$ Күн сайын | 16 | 16 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 3. | Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау Департаментінің «Курчатов қаласының қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | Көгаландыру және абаттандыру, аумақты тазарту, басқа да жұмыс түрлері | 120 $м^2$ Күн сайын | 6 | 6 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 4. | Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының «Радияциялық қауіпсіздік және экология институты» еншілес мемлекеттік кәсіпорын | Экологиялық сауықтыру және аумақты тазарту, мерзімдік жылыту жұмыстары, басқа да жұмыс түрлері | 900 $м^2$ күн сайын | 1 | 1 | Курчатов қаласының бюджеті | Жұ бер |
| 5. | «Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі | Мұрағаттық және ағымдағы құжаттармен жұмыста көмек, тіркеу, көбейту техникаларымен жұмыс, корреспонденцияларды шығару және жеткізу аумақты тазарту жұмыстары, басқа да жұмыс түрлері | Күн сайын 20-30 құжаттар<br>500 $м^3$ күн сайын | 7 | 7 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 6. | «Қалалық мәдениет үйі» қазыналық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны | Мәдени шараларды, балалар бос уақыттарын ұйымдастыру, мерекелік костюмдер тігу | 8-10 костюм бір мерекелік шараға | 4 | 4 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 7. | «Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының қорғаныс бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Шақыруларды тарату, шақырушылардың жеке істерін рәсімдеу, басқа да жұмыс түрлері | 3,5 жеке іс күніне,<br>70 жеке іс айына<br>Күніне 10 шақыру, 200 шақыру айына | 4 | 4 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| | | Салықтық хабарламаларды тіркеуге | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. | «Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы бойынша салық комитеті» мемлекеттік мекемесі | көмек көрсету, сақтау мерзімі бойынша жойылуға жататын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың салықтық істерін дайындау бойынша мұрағат жұмысында көмек көрсету, корреспонденцияларды жеткізу | 6 500 хабарламалар жылына 500 салықтық істер 1000 аса хат, хабарламалар жылына | 4 | 4 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 9. | «Курчатов қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Мұрағаттық және ағымдағы құжаттармен, картотекамен жұмыста көмек, әлеуметтік көмек алушылардың материалдық - тұрмыстық жағдайларын тексеру, корреспонденцияны жеткізу, жұмыстарын жоғалтқан азаматтарға психологиялық көмек көрсету | 10-15 құжаттар күніне 5-10 кеңес күніне | 6 | 6 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 10. | Курчатов қаласының мешіті | аумақты тазарту, басқа да жұмыс түрлері | 100 $м^2$ күн сайын | 2 | 2 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 11. | «Шығыс Қазақстан облысының ішкі істер департаментінің Курчатов қаласының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Құқық бұзушылықты анықтауда және алдын-ала хабарлау көмек көрсету, мұрағаттық және ағымдағы құжаттармен, картотекамен жұмыста көмек, корреспонденцияны жеткізу, консъерж жұмысы | 10-15 құжаттар күніне күн сайын 2 тұрғын үй | 15 | 15 | Курчатов қаласының бюджеті | Жұ бер |
| 12. | Курчатов қаласы әкімдігінің «Курчатов қаласы көп салалы пайдалану кәсіпорны» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Аумақты экологиялық сауықтыру және тазарту, корреспонденцияны және хабарламаларды жеткізу | 100 $м^2$ күн сайын 10-15 құжаттар күніне | 8 | 8 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 13. | «Ертіс» бау-бақша қоғамының тұтынушылық кооперативі | Суару жүйесін жөндеу, басқа да жұмыс түрлері | 8,4 км апта сайын | 3 | 3 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 14. | «Шығыс» саяжай телімдері иелерінің тұтынушылық кооперативі | Суару жүйесін жөндеу, басқа да жұмыс түрлері | 8,4 км апта сайын | 6 | 6 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 15. | ШҚО бойынша қылмыстық комитетінің басқармасы Курчатов қаласының қылмыстық инспекциясы | мұрағаттық және ағымдағы құжаттармен көмек, анықтамалар мен шақыруларды дайындауда көмек, корреспонденцияны жеткізу | 10-15 дана 5-10 құжаттар күніне | 1 | 1 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 16. | «Курчатов қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кісі тасу көліктері және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Мұрағаттық құжаттарды жүргізу және қаттау жұмыстарында көмек, корреспонденцияны жеткізу, басқа да жұмыс түрлері | 10-20 құжаттар күніне | 1 | 1 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 17. | «Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Курчатов қаласының Әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі | мұрағаттық және ағымдағы құжаттармен жұмыста көмек, аумақты тазарту | 100-150 құжаттар айына; 100 $м^2$ күн сайын | 3 | 3 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 18. | Шығыс Қазақстан облысының Курчатов қалалық соты | Мұрағаттық құжаттарды жүргізу және қаттау жұмыстарында көмек, корреспонденцияны жеткізу | 20-30 іс айына 5-10 құжаттар күн сайын | 2 | 2 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 19. | Курчатов қаласының прокуратурасы | Мұрағаттық құжаттарды жүргізу және қаттау жұмыстарында көмек, корреспонденцияны жеткізу | 5 - 8 іс күн сайын | 2 | 2 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 20. | «Курчатов қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі | мұрағаттық және ағымдағы құжаттармен жұмыста көмек, корреспонденцияны жеткізу | 5-10 құжаттар күн сайын | 1 | 1 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 21. | Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының « Атомдық энергия институты» еншілес мемлекеттік кәсіпорыны | Аумақты экологиялық сауықтыру және тазарту | 900 $м^2$ күн сайын | 10 | 10 | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 22. | «Балапан» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Аумақты экологиялық сауықтыру және тазалау, подъездерді жөндеу, подвалдарды тазалау, басқа да жұмыс түрлері | 100 $м^2$ күн сайын | 24 | | Курчатов қаласының бюджеті | |
| | | Оқырмандарға қызмет көрсетуде көмек көрсету, газет-журналдарды тігу, құжаттармен жұмыс және | 50-60 адам күн сайын | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 23. | «Курчатов қалалық кітапхана» Мемлекеттік мекемесі | корреспонденцияларды жеткізу, басқа да жұмыс түрлері | 5 - 1 0 құжаттар күн сайын | 1 | | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 24. | ЖК «Шаранова» | Наубайханада көмекші жұмыстары, аумақтарды тазарту | 1 0 0 $м^2$ күн сайын | 2 | | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 25. | Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының « Байкал» республикалық мемлекеттік кәсіпорыны | Аумақты экологиялық сауықтыру және тазарту, құжаттармен жұмыс, басқа да жұмыс түрлері | 6 0 0 $м^2$ күн сайын | 4 | | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 26. | «Курчатов қаласының жер қатынастары» мемлекеттік мекемесі | мұрағаттық және ағымдағы құжаттармен жұмыста көмек, корреспонденцияны жеткізу, басқа да жұмыс түрлері | 5 - 1 0 құжаттар күн сайын | 2 | | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 27. | Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының « Геофизикалық зерттеу институты» еншілес мемлекеттік кәсіпорны | Аумақты көгалдандыру және абаттандыру | 6 0 0 $м^2$ күн сайын | 2 | | Курчатов қаласының бюджеті | |
| 28. | ШҚО төтенше жағдайлар департаменті Курчатов қаласының төтенше жағдайлар бөлімі | мұрағаттық және ағымдағы құжаттармен жұмыста көмек, корреспонденцияны жеткізу | | 1 | | Курчатов қаласының бюджеті | |
| | | | | **140** | | | |

*Курчатов қаласының*
*әкім аппаратының басшысы А. Глазинский*

Ескерту: 2010 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды өткізуге қала бюджетінде көзделген қаражаттар шегіне байланысты қатысушылар саны, қатысу мерзімі және ұйымдар тізімдері сұраныстар мен ұсыныстарға сәйкес өзгертілуі мүмкін.

Аталған тізімде ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын қала кәсіпорындарында, ұйымдармен мекемелеріндегі **нақты жағдайлар**: жұмыс аптаның ұзақтығы 5 күнді құрайды. Демалыс күндері – сенбі, жексенбі, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерекелік күндер. Еңбекке ақы төлеу нақты атқарылған кезеңге, жұмыс уақытын есепке алу

табелінде көрсетілген, жұмыссыздардың дербес шотына аудару тәртібімен жүргізіледі; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқамалық, арнайы киіммен, құралдармен қамтамасыз ету, еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік төлем жүргізу, жарақаттану немесе денсаулыққа зиян келтіру бойынша шығынды өтеу, зейнетақы және әлеуметтік аударылымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Курчатов қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № 200 қаулысына 2–қосымша

**Нысаналы топтар құрамы**

1. Тұрмысы төмен азаматтар.
2. 21 жасқа дейінгі жастар.
3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалармен ата–анасының қамқорлығынсыз қалған 23 жасқа дейінгі балалар.
4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызілікті көп балалы ата–аналар.
5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар.
6. Мүгедектер.
7. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалғандар).
8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарынан босаған адамдар.
9. Бас бостандығынан айыру және мәжбүрлеп емдеу орындарынан босаған адамдар.
10. Оралмандар.
11. Есірткіге тәуелді және АҚТҚ инфекциясын жұқтырушы адамдар.
12. Мектеп және кәсіби оқу орындарының түлектері.
13. Өндірістің ұйымдастырылуының өзгеруіне байланысты, соның ішінде жұмыс көлемі қайта ұйымдастырылған және (немесе) қысқартылған кезде толық емес жұмыс тәртібінде жұмыспен қамтылғандар.
14. Еңбек ақысы сақталмайтын демалыстардағы тұлғалар.
15. Жазғы демалыс уақытындағы студенттер мен мектеп оқушылары.
16. 50 жастан асқан әйелдер.
17. 55 жастан асқан ерлер.
18. Ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылдан артық).

*Курчатов қаласы әкім аппаратының жетекшісі А. ГЛАЗИНСКИЙ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК